

## Шығыс Қазақстан облысындағы спорттың басым түрлерінің өңірлік тізбесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 11 желтоқсандағы № 333 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 27 желтоқсанда № 5358 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 21 қаңтардағы № 6 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 21.01.2020 № 6 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).  
Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Заңының 8-бабының 1-тармағының 20-5) тармақшасына, Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 26 шілдедегі № 216 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 15509) бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы спорт түрлерін саралау қағидаларының 33-тармағына, Қазақстан Республикасындағы спорт түрлерін саралау бойынша республикалық комиссияның 2017 жылғы 2 қарашадағы № 5 хаттамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Шығыс Қазақстан облысындағы спорттың басым түрлерінің өңірлік тізбесі осы қаулыға қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Облыс әкімінің аппараты, облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулыны аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркеуін;
- 2) әкімдіктің осы қаулысын мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінересми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауын;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде облыстың аумағында таратылатын мерзімді басылымдарда ресми жариялауға оның көшірмесін жіберуді;

4) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Р.М. Омаровқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысының  
әкімі

Д. Ахметов

" К Е Л І С І Л Д І " :

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

М ә д е н и е т

ж ә н е

с п о р т

м и н и с т р і

А .

М ұ х а м е д и ұ л ы

2017 жылғы "11" 12

Шығыс Қазақстан облысы  
әкімдігінің

2017 жылғы "11" желтоқсан  
№ 333 қаулысына қосымша

## Шығыс Қазақстан облысындағы спорттың басым түрлерінің өңірлік тізбесі

Спорт түрлерінің атауы					
Топтар	Олимпиадалық емес спорт түрінің атауы	Ж а з ғ ы олимпиадалық спорт түрінің атауы	Қ ы с қ ы олимпиадалық спорт түрінің атауы	Паралимпидалық спорт түрінің атауы	Ұлттық спорт түрінің атауы
" А " тобы	Гір спорты	Ауыр атлетика	Биатлон	Голбол	Аударыспақ
	Кекушинкай каратэ	Байдарка мен каноэде есу	Сноуборд	Дзюдо	Жамбы ату
	Кикбоксинг	Батутта секіру	Тау шаңғы спорты	Жеңіл атлетика	Жекпе-жек
	Киокушинкай-кан каратэ	Бокс	Фристайл могул	Үстел теннисі	Қазақ күресі
	Қол күресі	Волейбол	Шаңғы жарысы	Жүзу	Көкпар
	Полиатлон	Грек-рим күресі	Шайбалы хоккей	Пауэрлифтинг	Тоғызқұмалақ
	Радиоспорт	Дзюдо	Шорт-трек	Оқ ату	
	Спорттық бағдарлау	Еркін күресі		Шаңғы жарысы	
	Таеквондо ITF	Жеңіл атлетика			
		Жүзу			

		Көркем гимнастика			
		Семсерлесу			
		Слаломды байдаркамен каноэде есу			
		Таеквондо WTF			
		Үстел теннисі			
"В" тобы	Автомобиль спорты	Баскетбол	Конькимен жүгіру спорты		Аламан бәйге
	Аралас ұрыс жекпе-жегі ММА, грепплинг, панкратион	Велосипед спорты	Мәнерлеп сырғанау		Жорға жарыс
	К а р а т э шинкиокушинкай	Қол добы	Шаңғы қоссайысы		Қыз куу
	Қол күресі (паралимпиадалық емес)	Оқ ату	Шаңғымен трамплиннен секіру		Теңге алу
	Пауэрлифтинг	Спорттық гимнастика			
	Самбо	Су добы			
	Спорттық аулашылық	Футбол			
	Спорттық туризм				
	Сурдо жеңіл атлетика				
	Ш а х м а т (паралимпиадалық емес)				
"С" тобы	Акробатика	Ат спорты	Керлинг		Құнан бәйге
	Акробатикалық жолда секіру	Бадминтон			
	Би спорты	Регби			
	Джиу-джитсу	Суға секіру			
	Допты хоккей	Үйлесімді жүзу			
	Сурдо шайбалы хоккей	Теннис			
	Шахмат				

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

WTF - World Taekwondo Federation (Бүкіләлемдік таеквондо федерациясы)

ITF - International Taekwondo Federation (Халықаралық таеквондо федерациясы)

MMA - Mixed Martial Arts (Аралас ұрыс жекпе-жектер).